

Нұрлы-көш орта мектебі КММ
Қамқоршылық кеңестің №5 отырысы хаттамасы

Өткізілген күні: 14.10.2022

Өткізілген орны: Нұрлы-көш орта мектебі КММ

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, кеңес мүшелері

Күн тәртібіндегі мәселелер:

Белгіленген жарғылық функциялардың орындалуы
Білім беру ұйымдарында қаржылық қолдау көрсету, материалдық-техникалық базаны нығайту
Білім беру ұйымын одан әрі дамытуға жәрдемдесу;
Білім алушылармен ішкі тәртіп Ережесінің сақталуы (мектеп формасының сақталуы, білім беру ұйымына алып кіруге тыйым салынған заттарға жүргізілген рейд қорытындысы)
Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы;
Білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету
Мектепті дамыту үшін қайырымдылық көмек көрсету мақсатында демеушілерді тарту
Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу жұмыстарының жүйелі ұйымдастырылуы

Тыңдалды:

Отырысты кеңес төрағасы кіріс сөзімен ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша мектеп директоры Уразтаева А.К. мәлімдеме жасады. Белгіленген жарғылық функциялардың орындалуы мәселесі талапқа сай екендігін, жарғыдағы міндеттер мүмкіндігінше орындалып жатқандығын жеткізді.

Білім беру ұйымдарында қаржылық қолдау көрсету, материалдық-техникалық базаны нығайту мәселесі бойынша да мектеп директоры есеп берді. Материалдық-техникалық базаны нығайту бойынша қажетті заттарға сұраныс берілгендігін, мектептің өзінде бухгалтерия болмағандықтан мұндай мәселелер аудандық білім бөлімі арқылы шешілетінін жеткізді. Сонымен қатар, материалдық-техникалық базаны нығайту мақсатында аулымыздағы Ақтөбе мыс компаниясы басшылығына да сұраныс жазылып, демеуші ретінде мектепке интерактивті тақта алып беруге ықпал жасауы сұралғанын, дегенмен әлі күнге дейін жауап болмай отырғанын айтты.

Білім беру ұйымын одан әрі дамытуға жәрдемдесу мәселесі бойынша кеңес мүшесі Жолмағамбетова Н.Ж. сөз алып, Көктау ауылы әкімдігінде жетекші маман болғандықтан, әрі жасөспірімдердің құқықбұзушылығының алдын алу мәселесіне жауапты болғандықтан мектепті дамытудың бір жолы балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру екендігін айтты. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, әсіресе бастауыш класс оқушыларын үйірмелермен қамту туралы ұсынысын айтты. Мектепті дамыту үшін әр сәтте қолдап отыратын демеушілердің қажеттігін де атап өтті.

Кеңес хатшысы әрі мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Коразбекова М.К. білім алушылармен ішкі тәртіп Ережесінің сақталуы туралы баяндама жасады. ДТЖО өз сөзінде «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген қанатты сөзді тілге тиек ете отырып, 12 қазан күні мектеп оқушыларының мектеп формасы мен тыйым салынған заттарды мектепке алып келмеуін, алып жүрмеуін бақылау мақсатында рейд жүргізілгенін айтты. «Рейд нәтижесінде ешбір оқушыдан

тыйым салынған заттар табылмады. Дегенмен, мектепке смартфон, гаджеттерді алып келуге тыйым салынатындығы мектеп жарғысында да, ата-аналармен келісімшартта да көрсетілгеніне қарамастан, 9 оқушыда ұялы телефон болды. Ол оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ескерту жасалды. Мектеп формасы бойынша да өрескел тәртіпбұзушылықтар анықталмады. Тек 9-класстың 3 оқушысы денешынықтыру сабағынан кейін киімін ауыстыруға ерініп, мектеп формасын кимей отырғаны үшін ескерту жасалып, түсіндірілді»-деді Коразбекова М.К.

Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы бойынша да ДТІЖО есеп берді. Тәрбие орынбасары мектепте жүргізіліп жатқан үйірмелер мен спорттық секцияларды атап өтті.

«...Мектебімізде «Өлкетану», «Домбыра», «Ән», «Сөз өнері», «Көркем құрастыру», «Робототехника» үйірмелері мен «Шахмат», «Футбол», «Үстел теннисі», «Тоғызқұмалақ», «Бес тас», «Асық ату», «Волейбол» спорттық секциялары жұмыс жасайтынын, қосымша «Дебат» клубы мен «Театр және балалар» ақысыз үйірмесі жұмыс жасайды.» Тәрбие орынбасары мектеп оқушыларының үйірмелермен қамтылуы жақсы деңгейде екендігін, үйірмемен қамтылмаған балалар аулымыздағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі жанынан құрылған спорт кешеніндегі күрес, футбол үйірмелеріне қатысып жүргенін жеткізді.

Білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша мектеп директоры мәлімдеме жасады. Уразтаева А.К. балалардың сапалы біліммен қамтылуы мектептің өзекті мәселесі екендігін, соған сай жұмыс жоспарлары құрылып, жұмыс жүргізіліп жатқандығын айтты. Әсіресе, биылғы оқу жылында ашылған «Робототехника» үйірмесін арнайы аудандық білім бөлімі ашып, жақын арада қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілетінін жеткізді.

Мектепті дамыту үшін қайырымдылық көмек көрсету мақсатында демеушілерді тарту мәселесі бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Әліп А.Е. сөз алып, мектепті дамытуда қайырымдылық көмектің рөлі туралы айтты. Мектепке демеушілерді барынша тарту – бүкіл кеңес мүшелерінің назарындағы шаруа болуы тиістігін атап өтті. «Демеушілік көмек мүмкіндігінше жүйелі көрсетіліп отырса, мектептің одан әрі дамып, өзін жан-жақты таныта білуіне ықпал жасар еді. Сондай-ақ, әртүрлі байқауларға қатысатын балалардың жол ақысы да кейде жетекшілердің қалтасына соғып жатады. Себебі, ата-аналар қамтамасыз ете алмайтын сәттер де болып тұрады»-деді кеңес төрағасы. Мектептің одан әрі дамуына жергілікті атқарушы билікті де, кеңес мүшелерін де ықпал жасауға шақырды.

Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу жұмыстарының жүйелі ұйымдастырылуы мәселесіне жауапты кеңес мүшесі Сыдық А.Б. кеңеске қатыса алмауына байланысты, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Коразбекова М.К. аталған тақырыпта мәлімдеме жасады. ДТІЖО өз сөзінде мектепте құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері жүйелі жолға қойылғандығын, бұл мәселеде тиісті тұлғалармен, ПБ қызметкерлері, жергілікті атқарушы билік өкілдері т.б. тығыз байланысты жұмыс жүргізіп отырғандығын айтты. «2022-2023 оқу жылының басталғанына 1,5 ай болған болса, осы уақыттың ішінде құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша 3 ауқымды шара өткізілді. Оған Хромтау ауданы ПБ қызметкерлері, Көктау ауылдық учаскелік полиция инспекторы, ауыл әкімдігі мамандары мен мектеп әкімшілігі қатысып, балаларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бұл шаралар барысында балаларға кешкі мезгілде көшеде жүрмеуден бастап, мотоцикл, автомобильдерді жүргізудің салдары, зиянды заттарды тұтыну мен вейбтің ағзаға әсері, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу мен сақтаны шаралары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді» Бұлардан басқа,

жеке кездесулер мен әр оқу тоқсанының басында құқық сағаттары жүргізілетінін, оқу жылының басталуына орай өткізілген ата-аналар жиналысының күн тәртібіндегі бір мәселе осы құқықбұзушылықтың алдын алу болғандығын айтты. Бұл шаралар жыл бойы жалғасатынын атап өтті.

Жарыссөз:

Кеңес мүшесінің Н.Ж.Жолмағамбетованың бастауыш класс балаларының үйірмелермен қамтылуы туралы ұсынысына мектептегі «Асық ату», «Бес тас» үйірмесіне негізінен бастауыш класс оқушылары қатысатыны және ауылдағы спорт кешеніндегі «Күрес» үйірмесіне мектебіміздің 2-класс оқушыларынан бастап қатысып жатқандығы туралы жауап берілді.

Жаңадан ашылан «Робототехника» үйірмесіне басқа мектептің оқушылары қатыса ала ма?-деген сұраққа ол үйірме мектеп оқушыларына арналғаны, мектептегі балалармен-ақ үйірме құрамы толық екендігі айтылып, жауап берілді.

Кеңес соңында әртүрлі мәселелер талқыланып, қаралған мәселелер бойынша қаулы қабылданды.

ҚАУЛЫ:

Белгіленген жарғылық функциялардың орындалуы талапқа сай болғандықтан «қанағаттанарлық» деп танылсын.

Білім беру ұйымдарында қаржылық қолдау көрсету, материалдық-техникалық базаны нығайту бойынша тиісті құзіретті органдамен байланыс күшейтіліп, сұраныс берілсін.

Білім беру ұйымын одан әрі дамытуға жәрдемдесуге қамқоршылық кеңес мүшелері де жауапты деп танылсын.



Білім алушылармен ішкі тәртіп Ережесінің сақталуы бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жалғасын тапсын, тыйым салынған заттарға жүргізілетін рейд жиілігі арттырылсын.

Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы «қанағаттанарлық» деп танылсын, оқушылардың үйірмелер мен секцияларға уақытылы қатысуы үйірме жетекшілері мен класс жетекшілер тарапынан қадағалансын.

Білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар талапқа сай болғандықтан «қанағаттанарлық» деп танылсын.

Мектепті дамыту үшін қайырымдылық көмек көрсету мақсатында демеушілерді тартуда жергілікті атқарушы билік пен ҚК мүшелеріне де жауапкершілік жүктелсін.

Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу жұмыстарының жүйелі ұйымдастырылуы жалғасын тапсын. Құқықбұзушылықтың алдын алу мәселесі күн тәртібінде өзектілігін жоймауы мектеп әкімшілігі тарапынан қадағалансын.

Төраға:  Әліп А.Е.
Хатшысы:  Коразбекова М.К.